Түркі заманынан бергі мыңжылдықтардың ішінде Ұлы Даладағы жыраулардың өктемді үні XVIII ғасырда Бұқар жырау өмір сүрген заманда өзінің ең биік шыңына шықты. Көне түркі дәуіріндегі мемлекеттің «Мәңгілік Ел» болу мұратын жырлаған абыз Тоныкөктен және Алтын Орда заманындағы Сыпыра жыраудан қалған киелі жыраулық сөз өнерін, данагөй Бұқар Қалқаманұлы берік ұстап қана қоймай, өзінің ойшыл-философиялық жырларымен қазақ тарихындағы жыраулық өнердің ғажайып феноменін жасады. Зерттеуші Сейіт Қасқабасов жыраулардың түп-тамырын көне дәуірлермен байланыстырып: «жалпы, қазақ жырауларының тегі тарихи, қоғамдық және рухани тұрғыдан алғанда сонау Түркі қағанаты заманына меңзейді. Әйгілі Иолығ тегіннің жазбалары оның Күлтегін, Білге қаған мен Тоныкөк уақытында елдің бірлігін көксеп, бек пен қоғамның атақ-абыройын ардақтаған жырау екенін дәлелдейді. Сол сияқты оғыздар дәуіріндегі Қорқыт ата, одан бертіндегі Шыңғыс хан тұсындағы Кетбұға, Алтын Орда кезіндегі Сыпыра – бұлардың бәрі XV-XVI ғасырларда тарихи аренаға шыққан қазақ жырауларының арғы түп-тамыры, бастауы еді. Бір кезде бүкіл түркі халықтарында, олардың тарихтарында, рухани ғұмырында зор рөл атқарған

жыраулар орта ғасырларда тек Қазақ мемлекетінде ғана өзінің әлеуметтік-саяси, мәдени қызметін сақтап, бертінгі жаңа дәуірге, яғни XIX ғасырға дейін жеткізді» [3, 266 б.], – дейді.

Бұқар жыраудың өмір сүрген уақыт көшпелілер өркениетінің дағдарысқа тап болған кезеңімен тұспа-тұс келді. Есім, Салқам Жәңгір, Әз Тәуке хандардың дәуіріндегі қазақ қоғамының билігі бекем болып, Еділ мен Жайықты және Сырдария бойындағы саяси және стратегиялық маңызы зор Сығанақ, Сауран, Созақ, Отырар, Ташкент қалаларын еркін иегергіп, Мәуереннахр жеріндегі отырықшы өркениетке негізделген елдермен тығыз сауда-экономикалық байланыс жасағанын Бұқар жырау көріп білген. Бірақ замананың бет алысы қазақ қоғамына қырын келе жатқанын да абыз тұлға сезді. Оған себеп батыс пен солтүстіктен Қазан, Астрахан хандықтарын және ноғайлы ұлысын басып алып, ғылым мен техниканың жетістіктерін еркін игергіп зеңбіректі әскерімен маңайындағы елдерді ықтырып келе жатқан Ресей патшалығы мен шығысындағы Цинь империясының басым күш-қуаты еді. Бұл геосаяси үдерістердің салдарынан Еуразияның далалық аймағын еркін жайлаған көшпелі қазақ пен ойрат-қалмақ ұлыстарының дәстүрлі жайылымдық жерлері азайды, сауда-саттық орталықтарына баруы қиындады. Осы қыспақтан қалай ел аман қалады деген күдік пен үміт абыз Бұқар-Жыраудың жырларында айтылады. Соған қарамастан мемлекетшілдік тарихының бастауы сақ-ғұн, одан берірек Еуразияның батысы мен шығысына бірдей билік жүргізіп, ұрпағына «Мәңгілік Ел» болуды аманат қылып, тарихын тасқа қашап жазған Күлтегін, Білге, Тоныкөктей тұлғалардың өсиетіне адалдық танытқан Бұқар жырау, ел басына түскен замананың қатал сынына қайыспай төтеп берді. Абыз Бұқар жыраудың сөзі мен ісі қазақ халқының жоңғар шапқыншылығы мен Ресей, Қытай империяларына қарсы күресіне байланысты қалыптасқан күрделі тарихи кезеңде дараланды. Халықтың басына түскен күрделі дәуірді терең түсінген Шоқан Уәлиханов: «XVIII ғасыр – қазақтың батырлығы мен серілігінің уақыты» [4, 124 б.], – деп бағасын беріп кетті.

Бұқар жыраудың мемлекеттік дәрежедегі жыраулық қызметі 1680-1715 жылдары билік құрған әз-Тәуке хан ханның кезінде басталды. Орыс елшілігін бастап келген Н.Тевкелевтің құжатында: «Тәуке хан өте ақылгөй кісі болған, оны қырғыздар (қазақтар) үлкен құрметпен еске алады», – деп көрсетеді [5, 112 б.]. Халық зердесінде Тәуке заманын Қазақ хандығының ең бір өркендеген, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман», «алтын ғасыр» деп сақталған. 1695 жылы Ташкент жазирасымен бірге 32 қала мен оларға жапсарлас жатқан жер қазақтарға бағынды [6, 97 б.]. Тарихшы А.И. Левшин әз-Тәукенің билік құрған заманын былай деп жазады: «Тәукенің атын атасақ-ақ бар қазақтың жүрегінде мақтаныш билейді. Қазақ ордасының Ликурғы, Драконты - сол адам.

Тәуке алауыз болып, қырғынға бөккен елді сабаға түсіріп, ру мен рудын арасындағы талай жылғы қантөгісті тоқтатты, ақылы мен әділдігінің арқасында жұрттың бәрін өзіне мойынсұндыра білді, әлсіз рулардың басын қосып, әлуетті дұшпанға қарсы қоя алды, күштілерді тізеге салып, тәубесіне келтірді, баршаға ортақ заң жасап, сол бойынша билік айтты» [7, 165 б.]. А.И. Левшин Әз-Тәуке ханды ежелгі гректердің ұлылары Солон мен спартаның шешені Ликурғке теңейді. Қазақ хандығы Тәуке хан тұсында саяси институттары қалыптасқан, ішкі және сыртқы саяси жағдайы тұрақты мемлекет саналды. Ханның ықпалы қазақ, қырғыз, қарақалпақ, құрама елдеріне толық тарады.

1723-1725 жылдардағы қазақ-жоңғар соғысында қазақтар ауыр жеңіліске ұшырап, «Ақтабан шұбырынды», «Алқакөл сұлама» аталатын зұламатқа ұшырады.

Қазақ халқы Ташкент, Түркістан қалалары мен қоса Сырдария бойындағы қалалардан уақытша айырылып батыс пен орталық Қазақстан өңіріне жаппай көше бастады. 1723 жылға жеңіліс халықтың рухын жасыта алмады, басқыншыларға қарсы біртұтас майдан құрған ел, тұс-тұсынан қаптаған жауға қарсы қажырлы күрес жүргізе отырып, өзінің азаттығын, елдігін қорғап қалды. Алаш баласы түп көтеріліп, жоңғар басқыншыларына қарсы Отан соғысы басталды. Отан соғысында белгілі қазақ батырлары, билері зор рөл атқарды. Осы кезде Бұқар жыраудың 28 толғау жырында XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы Отан соғысы туралы айта келіп, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Тайлақ, Саңырық, Сіргелі Тілеуке, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, Естербек, Құдайменді Жібекбай, Сеңкібай мен Шойбек, Таңсыққожа Мамыт, Қасқарауұлы Молдабай, Сатай, Айнакүл Бәти, Есенкүл, Олжабай, Малайсары т.б. батырлардың есімдері аталады [6, 146 б.]. Олардың бәрі қазақ әскерлерінің түмендерін, мыңдықтарын басқарды. Осы аталған батырлардың барлығы Бұланты, Аңырақай шайқастарында жоңғардың әскерін тас-талқан қылып жеңіске жеткен даңқты қолбасшылар. Бұқар жырау толғауларында Отан соғысының халықтық сипат алғанын ашық көрсетті. Өзі де осы оқиғалардың куәсі болып, ауыр жеңіліске ұшырап, шабылған ауыл-аймақтың, таланған көштің бүкіл сұмдығын мен батырлардың басшылығымен жеңіске жеткен жауынгер халқының абыройлы, қуанышты сәттерін де басынан кешірді.

1730-1740 жылдардан бастап Бұқар жырауды Қазақ хандығының орталық билігіндегі саяси салмағы мықты идеологы қызметінде көреміз. Осы мақсатта Бұқар жырау Абылай ханды бірден-бір басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысынан үлкен сенім артты. Бұқар жырау Абылай ханның кеңесшісі, қабырғалы биі болды. Қазақ қауымының бар тілегі бір арнаға тоғысқан шақта Абылай сияқты кеменгер тұлғаның тарих сахнасына шығуы кездейсоқ емес десек, дәл осы кезеңде алаш жұртының өр рухын айғақтаған Бұқар жыраудың сөз дарханын қағуы табиғи заңды құбылыс [8, 178 б.]. Зерттеуші М.Мағауин жыраудың қоғамдық-саяси қызметіне баға бере келе: «ел мүддесінен бөтен тілегі болмаған Бұқар жырау Абылай ханды сөзімен жебейді, ісімен қолдайды. Абылай тұлғасын жұртқа кеңінен танытып, саясатын ел ішінде насихаттайды. Жыраудың Абылай атына айтылған толғаулары шын мәнінде бүкіл алаш жұртына арналған болатын. Қолма-қол халық арасына тарап, жатталып, жырланып отырған Бұқар толғаулары Абылайды ғана көтеріп қоймайды, қазақ рухын көтереді, елдік санаға, ұлт бірлігіне қызмет етеді» [8, 178 б.], – деп автор Бұқар жыраудың Абылай заманында қазақ қоғамының мемлекетшілдік сананы дәріптеген абызы болғанын атап көрсетеді. Абылай хан – XVIII ғасырдағы тарихымыздың аса ірі тұлғасы. Ол қазақ халқының тағдыр-талайы қыл үстінде тұрғанда ел бірлігін ұйымдастырып, үш жүздің басын құрап, жауға тойтарыс берді [9, 12 б.]. Ш.Уәлиханов: «Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет құдірет иесі болып саналады.

Оның пайдалы кеңестері мен стратегиялық ой-пікірлері оған дана деген атақ әперді. Абылай, шынында да, қазақтардың оны тәңірінің ұлы істерді аяқтауы үшін жіберген рухы деп санайтын беделге жеткенге дейін көптеген сынақ пен күрестерді өткерді. Абылай ғасыры, қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры болып табылады» [4, 124 б.], – деп атап көрсетті. Қазақ халқының жадында Абылай қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып қалды және оның есімі тәуелсіздік символына, жауынгерлік ұранға айналды. Бұхар жыраудың осы заманға арнаған жырларында ел болып қалу үшін тұлғаға қажетті ұстанымдарды баяндайды және Абылайды көрші мемлекеттермен тату болуға шақырады. Ел



берекесінің ұйтқысы татулық-бірлікте, бейбіт өмірде деп санаған жырау ханға «өлетұғын тай үшін, қалатұғын сай үшін» [2, 105 б.] ерегес жанжалдан алыс болуын, қантөгіске бармайын үнемі ескертіп отырады. Мысалы: Абылай хан 1773-1775 жылдары Е.Пугачев көтерілісі кезінде Ресей империясының шекаралық бекіністеріне шабуыл жасамақ болады. Алыстан болжайтын Бұқар жырау ханның бұл шешіміне қарсы шығып, ел тағдыры мен болашақ үшін мұның үлкен қателік екенін айтып:

Орыспенен соғысып,

Басына мұнша көтерген

Жұртыңа жаулық сағынба [2, 104 б.], – деп Абылай ханды соғыстан бас тартқызады.

Бұқар жырау тек ханға ақылшы болып қана қоймай, қазақ хандығының көрші империялардан тәуелсіз болуына жол сілтеген стратег және тактик дәрежесіне көтерілген қайраткер болды және толғауларында еркін, азат ел болу идеясы баяндалады. Бұқар жыраудың «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» толғауларында халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, Ресей, Цинь империяларының отаршылдық саясатынан халықты арашалап, елге жайлы құтты өлке, бейбітшілік пен тыныштық салтанат құрған «Жиделі Байсынға» көшу мәселесін көтереді.

Түркі халықтарының дүниетанымында тосыннан келген жаугершіліктен елді аман сақтап, өздерінің дәстүрлі көне кәсібімен айналысқан бейбіт заманы туралы «Ергенекон» аңызы сақталған [10, 160 б.]. V-VIII ғасырлардағы Түрік қағанаттары кезінде көне түркілердің «Ергенекон» тарихи аңызы мемлекеттік сана тұрғысынан жаңарған «Өтүкенде» өмір сүрген «Мәңгілік Ел» идеясымен жаңғырды. Көне түркілер өздерін-өздері билеп, бақытты ғұмыр кешкен дәуірін, Өтүкен жерінде өткен деп санаған. Күлтегін бітік тасындағы жазуда: «Өтүкен жерінде отырып, керуен аттандырып қойып отырсаң, онда мұның жоқ. Өтүкен қойнауында отырсаң Мәңгі ел тұтып отырар ең сен» [11, 190 б.], – деп ежелгі түркі қоғамының саяси-әлеуметтік қатынастары мен мемлекеттік идеологиясының негізгі қағидаларын тұжырымдаған. Көне түркі жазбаларында түркі халықтарының дүниетанымы, билеушінің ұлт алдындағы міндеттері анық түсіндірілген. Отанға деген сүйіспеншілік Орхон ескерткіштерінде мейлінше түсінікті сипатталған. Өтүкен жері түркі халықтарының ұғымында қасиетті саналған [12, 176 б.].

Осы жоғарыдағы «Ергенекон», «Өтүкен», «Мәңгілік Ел» және Қазақ хандығының құрылған уақытындағы Асан Қайғының «Жерұйық» идеялары тарихи сабақтастық арқылы XVIII ғасырда Абылайдың заманында ханның ақылшысы әрі жырауы болған Бұқар жыраудың жырларында «Жиделі Байсын» идеясымен қайта жаңғырады.

Түркі халықтарының рухани жәдігерлерінің зерттеушісі, ғалым Н.Келімбетов: «VIII ғасырда өмір сүріп, Елтеріс пен Білге қағандардың кеңесшісі болған Тоныкөктің тарихи бейнесі араға мың жыл салып барып, Абылай ханның кеңесшісі Бұқар жырау (XVIII ғасыр) бейнесінде дәлме-дәл қайталанған сияқты. Елтеріс қағанға әрі ақыл-кеңес беріп, әрі әскерін басқарып жүрген Тоныкөк сияқты Бұқар жырау да Абылай ханға ұдайы кеңес айтып отырады, әрі хан жасақтарымен бірге жауға қарсы күреске шығады [13, 121 б.], – деп ұлы тұлғалардың арасындағы тарихи және рухани сабақтастықтың бағасын береді. Зерттеуші С.М. Сыздықов Бұқар жыраудың толғауларымен Түркі қағанаты қағандарының мемлекеттік кеңесшісі Тоныкөк арасындағы рухани байланыс жөнінде: «Қай заманда да ата-бабалардың тарихында билеушілер жанында ақылшысы, данагөй би, жырау, абыздар болған. Олар қай тарихи кезеңде болмасын елді, тәуелсіз

мемлекеттілікті сақтап қалудың жолдарын іздеген, ел басқарған хандарға дер кезінде ақылдарын айтып, кеңес берген. Мысалы Түркі қағанатында Тоныкөк абыз қағанға «Бұл түрік халқына жаракты жау келтірмедім. Қасиетті еліме иелік еткендігім үшін, ел де ел болды, халық та халық болды», – деп ел бірлігі мен тыныштығы үшін күресуді басты мақсат қылғанын көрсете отырып, «халыққа иелік ету» идеясын ұсынады. Ал Абылайдың тұсында Бұқар жырау:

«Ханның жақсы болмағы -  
Қарашаның елдігі.  
Қараша халық сыйласа,  
Алтыннан болар белдігі,- дейді.

Бұл айтылғандардан тарихи кезең әртүрлі болғанымен, идеяның сабақтас жалғасын тапқанын, яғни елдің, мемлекеттің мәңгілік болуы үшін ішкі бірлік, хан мен қара халық арақатынасының дұрыс болуы мәселелері қашан да күн тәртібінде тұрғандығын көреміз» [14, 34 б.], – деп жыраудың дүниетанымдық көзқарасының түркі дәуірінен бергі келе жатқан дала демократиясының озық үлгілерінен нәр алғандығын тұжырымдайды.

XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының идеологиялық қызметтің тізгінін ұстаған идеологы, қазақтың көмекей әулиесі Бұқар жырау Қалқаманұлының өнеге-өсиет жырларында елдің ел болып қалуы мәселесі кеңінен жырланады. Бұқар жыраудың толғауларындаға жырланған біртұтас қуатты ұлттық мемлекет құру идеясы бүгінгі күнде рухани жаңғырған тәуелсіз Қазақ елінде жүзеге асып отыр. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық мемлекеттік идеясын жариялау арқылы, қазақ жерін тыныштық пен тұрақтылықтың бесігіне айналдырды. Абыз жыраудың өсиет толғауында жырланған «Бағаналы орда, басты орда, Байсал орда қонған жұрт» арманы орындалып, Есілдің жағасында басты елордамыз Нұр-Сұлтан қаласы күн өткен сайын қанат жайып Еуразия құрлығының бейбітшілік пен келісім орталығына айналды.

#### Әдебиеттер:

1. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия/ Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 4-том. 2002. – 720 б.
2. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. /жауапты шығарушы Байділдаев М., Мағауин М. – Алматы: Жазушы, 1984. – 256 б.
3. Бұқар жырау тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер жинағы. /Құрастырғандар: Жұмағұлов С.Б., Жұмағұлов А.Б. – Қарағанды: TENGRI LTD, 2015. – 464 б.
4. Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. /Шоқан Уәлиханов. 2-басылым. – Алматы: Толағай групп, 2010. Т. 4. – 496 б.
5. Казахско-русские отношения в XVI – XVIII вв. (сборник документов и материалов) Алма-Ата: изд. АН КазССР, 1961. – 743 с.
6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том.– Алматы: Атамұра, 2002. – 768 б.
7. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацских, орд и степей. //(Под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). – Алматы, Санат, 1996. – 656 с.
8. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 208 б.
9. Әбжанов Х., Әбуев Қ. Абылай: көне шындыққа жаңа көзқарас //Егемен Қазақстан. – 2013. – 20-ақпан
10. Ташағұл А. Gök-Türkler. I-II-III Cilt. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 2014. – 473 s.
11. Жолдасбеков М., Сарткожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.
12. Ташағұл А. Kök Tanrı'nın Çocukları. – İstanbul: Bilge Kültür Sanat, 2015. – 368 s.
13. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерлері. – Алматы: Раритет, 2011. – 432 б.
14. Сыздықов С.М., Бурабаев Т.Қ. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы: Әдістемелік құрал. – Астана: «KERULEN KZ» ЖШС, 2016. – 128 б.

УДК 94(47)+94(574)

**ВОПРОС О ПЕРЕХОДЕ КАЗАХОВ-КОЧЕВНИКОВ К ОСЕДЛОМУ ОБРАЗУ ЖИЗНИ И ЗАНЯТИЮ ЗЕМЛЕДЕЛИЕМ В ОЦЕНКЕ ОРЕНБУРГСКОГО И САМАРСКОГО ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРА А.А. КАТЕНИНА<sup>18</sup>**

**Гундова О.Е.**

(Алтайский государственный университет)

В современной историографии экономической политики Российской империи в казахской степи одним из наиболее обсуждаемых сюжетов является аграрно-земледельческое освоение этих территорий российскими властями, которое рассматривается в качестве составляющего элемента имперской колониальной политики. К этой проблематике относится определение позиции региональных властей по вопросу о переходе казахов-кочевников к оседлому образу жизни и занятию земледелием. Данная проблема была частично рассмотрена в исследованиях С.Б. Бекешевой [1], А.Ю. Быкова [2] и Е.С. Сыздыковой [3] и других, однако в указанных работах не получили подробного изложения взгляды оренбургского и самарского генерал-губернатора Александра Андреевича Катенина (1857–1860), с деятельностью которого связана перемена курса имперских властей относительно седентаризации казахского населения Оренбургской губернии. Его биография и взгляды на политику Российской империи в Средней Азии, в том числе в отношении казахского народа, освещены в целом ряде работ [4–8]. В данной публикации мы рассмотрим предложения А.А. Катенина по развитию земледелия у казахов, направленные министру иностранных дел в докладной записке от 4 марта 1859 г., в которой он выразил свою позицию по вышеуказанному вопросу [9].

Оценка хозяйственно-экономического уклада казахского народа российскими наблюдателями происходила с позиций просветительской картины мира и выработанных в ее рамках историко-этнографических концепций. Согласно им, все народы и культуры оценивались по единой шкале, полюсами на которой были с одной стороны «дикость», а с другой – «цивилизация». Эталоном последней признавалась Европа, частью которой считали себя образованные представители российского общества. Наблюдая иные народы, они оценивали степень их «дикости» и «цивилизованности». Если просвещение (как эталонный уровень развития общества) являлось точным мерилем степени развития наций, то относительная степень просвещения непросвещенного этноса определялась рядом маркеров, включающих отношение к земле. Земледелие признавалось занятием, свойственным «культурно развитым народам» и противопоставлялось кочевому и присваивающему типам хозяйствования. Только земледельческий труд, в понимании европейцев, мог считаться истинно значимым (то есть способствующим процветанию искусств, наук, промышленности и торговли). Кочевники, таким образом, не могли стать по-настоящему просвещенными. Распространение в среде российской элиты идеи принадлежности к «цивилизированному миру» способствовало формированию дискурса

---

<sup>18</sup>Статья выполнена при поддержке гранта Президента РФ для государственной поддержки ведущих научных школ Российской Федерации (НШ 2693.2020.6 проект «Государственное регулирование социальных процессов в центральноазиатском регионе России имперского и советского периодов»)

«цивилизаторской миссии» по отношению к нерусским народам империи, заключавшейся в том, что «культурную отсталость» можно преодолеть при помощи государственного вмешательства [10, С. 127–132; 11, С. 126–136; 12, С. 130–131]. При этом, по мнению Ж. Джампеисовой, у имперской колониальной администрации отсутствовало четкое представление о цивилизаторской миссии империи на ее восточных окраинах, поскольку «риторика чиновников о примитивности кочевого образа жизни начинала смещаться в противоположную логику: стало часто говорить о пользе или доводах об обоснованности занятия населения скотоводством, нежели хлебопашеством. Другими словами, «цивилизаторская миссия» не была однозначной, а корректировалась или вообще ставилась под сомнение при столкновении с практической жизнью кочевников» [12, С. 131–132].

Так, к концу 1850-х гг. в среде российской военно-административной элиты не сложилось единого мнения по проблеме оседания казахов-кочевников. Западно-Сибирская и Оренбургская администрации по данному вопросу заняли противоположные позиции. Первая считала необходимостью и поощряла переход номадов к оседлости и земледелию, вторая полагала, что казахский этнорегион может быть полезен лишь как потребитель российской хлебной продукции и производитель животноводческого сырья, а развитие в степи хлебопашества может стать причиной обособления казахов от России [3, С. 228–229]. Одним из главных проводников этой политики в Оренбургской губернии являлся предшественник А.А. Катенина – Василий Алексеевич Перовский (1833–1842, 1851–1857). Аналогичного мнения придерживались и в Министерстве иностранных дел. Так, директор Азиатского департамента К.К. Родофиникин (1819–1837) считал целью колонизации казахской степи «делать Киргизцов (казахов – О.Г.) более и более потребителями наших произведений как для пользы отечественной промышленности, так и для обуздания хищнического их духа, и таким образом привязывать их к нам (к России – О.Г.) самими их нуждами и потребностями». Для этого, по мнению сенатора, следовало «не превращать их в оседлых жителей, которые имели бы свое земледелие, а напротив стараться не выводить их из настоящего кочевого быта» [9, Л. 6 об.–7].

Однако борьба с казахским земледелием на практике оказывалась неэффективной. По мнению А.А. Катенина, сменившего на посту В.А. Перовского в 1857 г., несмотря на усилия властей по препятствованию процессу оседания казахов и развитию у них хлебопашества, «то и другие сделало между ними (казахами – О.Г.) значительные успехи», причем «стремление это имеет источником не прихоть, а необходимость» [9, Л. 4]. Чиновник отмечал, что «по долинам всех рек впадающих в Урал, Эмбе, Иргизу, Тургаю, Тоболу и их притокам, по большинству теряющихся в песках степных речек – повсюду встречаются значительные пространства распаханых или засеянных полей. Вместе с земледелием одинаковые успехи сделала оседлость: многие из богатых для удобства в зимнее время, многие из бедных – по неимению средств обзавестись кибитками, построили землянки и глиняные мазанки с загонами для скота повсюду в степи, где местность представляла какие-либо удобства для зимовок: воду, камыш или кустарник» [9, Л. 8].

А.А. Катенин занял противоположную В.А. Перовскому позицию по вопросу оседания казахов и развития у них земледелия и настаивал на необходимости отмены запретов, препятствующих процессу седентаризации. Свою точку зрения он обосновывал низкой результативностью этих мер в условиях острой потребности в развитии земледелия у населения степи, о чем докладывал министру иностранных дел в отношении от 7 июня 1858 г. [9, Л. 22–24]. Позиция А.А. Катенина «на счет поощрения

Киргизов (казахов – О.Г.) к земледелию, как к верному залого народного преуспевания» получила одобрение императора Александра II, в связи с чем в июле 1858 г. чиновнику было поручено подготовить предложения по данному вопросу [9, Л. 25]. Инициативы А.А. Катенина были направлены министру иностранных дел в докладной записке от 4 марта 1859 г. [9, Л. 4–18].

Давая оценку политике своего предшественника, А.А. Катенин отмечал, что аргументы В.А. Перовского «в свое время более или менее основательны, не выдерживают в настоящее самой легкой критики». Во-первых, хотя он соглашался с тем, что запрещение казахам заниматься земледелием действительно может удерживать их в некоторой зависимости от России, генерал-губернатор считал, что эту задачу можно реализовать путем седентаризации номадов, поскольку характерная для оседлого образа жизни привязанность к земле может стать более эффективным инструментом контроля. Более того, А.А. Катенин был убежден, что «отказ в хлебе народу кочевому может справедливо озлобить его и поселить в нем такую вражду и месть, которую потом трудно будет изгладить даже дорогими пожертвованиями». По мнению чиновника, запрещение прилинейным казахам заниматься земледелием и принуждение их таким образом к покупке русского хлеба на Оренбургской линии поставит население южной части степи в зависимость от среднеазиатских ханств, где покупать зерно ему ближе, нежели на линии. Земледелие русских поселенцев не должно пострадать от конкуренции, поскольку, с одной стороны, в будущем найдет себе другие рынки сбыта своей продукции при развитии путей сообщения с внутренними губерниями империи, с другой – спрос на хлеб среди казахского населения неуклонно растет и его уже не может удовлетворить существующее предложение. А.А. Катенин предполагал, что даже в том случае, если бы казахи перешли к самообеспечению хлебом, это означало бы, что в условиях роста численности степного населения степи оно «уже не имеет возможности пропитываться одним скотоводством, а воспрещать земледелие в таких обстоятельствах значило бы поставить их в самое тяжкое положение».

Во-вторых, по его мнению, седентаризация кочевников не может препятствовать росту их зависимости от российской промышленной продукции. Напротив, оседание казахов будет стимулировать у них желание улучшить свой быт, а значит, спрос на промышленные товары будет только расти. В-третьих, генерал-губернатор считал, что количество пригодных для земледелия земель в степи «действительно не велико, но лишь по отношению ко всему огромному пространству степи, а не само по себе». А.А. Катенин полагал, что тебенёвками располагает все казахское население степи, но не все эти пастбища пригодны для распашки. Он считал, что даже если бы половина оренбургских казахов-кочевников осела и занялась земледелием, вторую половину это обстоятельство не стеснило бы, а напротив позволило бы увеличить стада, поскольку «всем известно, что на куске земли, едва достаточном для одного скотовода, могут находить средства к существованию пять земледельцев». Поэтому седентаризация номадов, по мнению автора записки, не привела бы к сокращению масштабов скотоводства в степи. В-четвертых, А.А. Катенин был убежден, что охрана посевов от потрав не представляет больших трудностей, так как для распашки обычно выбираются места рядом с зимовками, а скот в это время находится на летних пастбищах. Свою позицию он аргументирует небольшим числом жалоб на потравы в пограничную администрацию [9, Л. 10 об.–13 об.].

Также неубедительными А.А. Катенин считал причины, по которым его предшественник запрещал казахам оседать близ Оренбургской линии. Запрет В.А.



Перовский обосновывал следующими аргументами, как-то: потребность русских прилинейных жителей в пригодных для земледелия землях как в сенокосных лугах, которых недостаточно на внутренней стороне линии; заинтересованность в отводе земельных участков лишь богатых казахов, которые намерены брать плату за пропуск на эти земли с бедных сородичей, закрытие же свободного доступа к линии ударит по беднякам, лишив их права бесплатного кочевания при линии, и нанесет ущерб меновой торговле и, как следствие, зависимости степного населения от России. Опровергая их, А.А. Катенин отмечал, что исследования, проведенные еще в 1851 и 1852 гг., показали неостребованность для большей части станиц сенокосных угодий «на Киргизской стороне» р. Урала, за исключением низовий. Что касается отвода участков казахам по южному берегу р. Урала, чиновник признавал негативные последствия этих мероприятий, однако считал, что, «стремясь к оседлости и земледелию, Киргизы (казахи – О.Г.) ныне вовсе не ставят себе этого в заслугу, и не требуют вознаграждение за то, как было прежде, отвода в собственность значительных пространств земли», что нивелирует названные В.А. Перовским препятствия к седентаризации кочевников. Таким образом, проанализировав деятельность своего предшественника, А.А. Катенин пришел к выводу о том, переход номадов к оседлому образу жизни и занятию земледелием в Оренбургской губернии не представляет «никаких существенных препятствий или невыгод для империи» [9, Л. 13 об.–15].

Одним из главных аспектов седентаризации казахов-кочевников, по мнению А.А. Катенина, являлась проблема землепользования и собственности на землю. По данному вопросу автор записки также резко расходился во мнении со своим предшественником. Если В.А. Перовский был убежден, что оседлость станет препятствием в реализации «общего, равноправного пользования землею», то А.А. Катенин, напротив, считал их совместимыми. Он полагал возможным предоставить казахам право пользования земельным наделом при условии постоянного проживания на участке и обработки земли и только на время целевого использования участка, как только «разрушается постройка, перестает он [казак] возделывать свое поле, и право располагать его усадебною и пахотною землею возвращается к правительству». А.А. Катенин особо подчеркивал, что право собственности на землю сохраняет за собой государство, которое вправе заставить частное лицо снести постройку, а также произвести раздел участка одного владельца между несколькими лицами в случае, «когда того требует общественная польза». Чиновник не предлагал в записке конкретный регламент седентаризации казахов, поскольку считал это преждевременным. По его мнению, «трудно устанавливать порядок, покуда не обозначутся в народе потребности, наиболее нуждающиеся в удовлетворении, и не достаточно раскроются отдельные факты, на основании которых можно было бы вывести общие начала правительственной деятельности» [9, Л. 15–17].

Нельзя не отметить, что воззрения А.А. Катенина проникнуты идеей «цивилизаторской миссии». Переход казахов-кочевников к оседлому образу жизни и занятию земледелием виделся ему неизбежным процессом, обусловленным «общим законом развития народов». В казахском обществе, по мнению чиновника, уже созрели предпосылки данного процесса, «и чем больше русская гражданственность будет проникать к ним [казахам], <...> тем сильнее станет развиваться в Ордынках (казахах – О.Г.) расположение к земледелию и оседлости с доставляемыми тем и другим удобствами» [9, Л. 16–16 об.]. Автор записки разделял сложившийся у части российского общества стереотип о том, что казахи не занимались земледелием, жили в кибитках и не строили помещений для скота только потому, что не были знакомы с

достижениями «цивилизации». Теперь же, когда под влиянием русских коренные жители степи познакомились с этими удобствами, «заставлять их после этого мерзнуть по-прежнему, губить скот свой и питаться одним овечьим сыром, было бы противно и человеколюбиво, и здравой политике, и урокам истории» [13, С. 314; 9, Л. 16 об.–17]. Седентаризация казахов, таким образом, рассматривалась генерал-губернатором в качестве неотъемлемого условия их просвещения.

Реализовать свои идеи в полном объеме А.А. Катенину не удалось – 24 июня 1860 г. он скончался [7, С. 66–67]. Его позицию по вопросу перехода казахов к оседлому образу жизни и занятию земледелием поддержал новый оренбургский генерал-губернатор Александр Павлович Безак (1860–1865), который в июне 1861 г. получил разрешение по своему усмотрению отводить казахам участки земель для занятия хлебопашеством [9, Л. 29, 43–43 об.]. Наконец, в июле 1861 г. состоялось высочайшее повеление «о развитии оседлости и земледелия между Оренбургскими Киргизами (казахами – О.Г.)», согласно которому казахи могли получить земельные наделы в бессрочное пользование [9, Л. 44–45 об.]. Деятельность Катенина ознаменовала начало новой политики российских властей поощрения седентаризации казахского населения Оренбургской губернии.

#### Литература:

1. Бекешева С.Б. Земледелие в Западном Казахстане в 50–60-х годах XIX века: автореф. дис ... канд. ист. наук. – М., 1992.
2. Быков А.Ю. Истоки модернизации Казахстана. – Барнаул, 2003.
3. Сыздыкова Е.С. Российские военные и Казахстан: (Вопросы социально-политической и экономической истории Казахстана XVIII – XIX вв. в трудах офицеров Генерального штаба России). – М., 2005.
4. Лобысевич Ф.И. Главные начальники Оренбургского края // Военный сборник. – 1872. – Т. 85, № 5. – С. 41–68.
5. Семёнов В.Г., Семёнова В.П. Губернаторы Оренбургского края. – Оренбург, 1999.
6. Почекаев Р.Ю. Губернаторы и ханы. Личностный фактор правовой политики Российской империи в Центральной Азии: XVIII – начало XX в. – М., 2017.
7. Брежнева С.Н. Взгляды оренбургского генерал-губернатора А.А. Катенина на политику Российской империи в Средней Азии // Десятые Большаковские чтения. Оренбургский край как историко-культурный феномен: сб. статей научно-практической конференции. Т. 1. Оренбург, 2020. С. 62–67.
8. Асанова С.А. Оренбургский и самарский генерал губернатор А.А. Катенин и его взгляд на перспективы взаимодействия в киргизско-туркменском пограничье // Десятые Большаковские чтения. Оренбургский край как историко-культурный феномен: сб. статей научно-практической конференции. Т. 1. Оренбург, 2020. С. 67–71.
9. Российский государственный исторический архив. – Ф. 1291. – Оп. 82. – 1858 г. – Д. 9.
10. Куприянов П.С. Образы «дикарей» в записках русских путешественников начала XIX века: абстракция и реальность // Россия и мир глазами друг друга: из истории взаимовосприятия. – Вып. 3. – М., 2006. – С. 124–143.
11. Слезкин Ю. Естествоиспытатели и нации: русские ученые XVIII века и проблема этнического многообразия // Российская империя в зарубежной историографии. Работы последних лет. Антология. – М., 2005. – С. 120–154.
12. Джампеисова Ж. Дискурсы о скотоводстве и хлебопашестве в «степной» колониальной политике России в XIX веке // Кочевые народы Центральной Евразии XVIII – XIX вв.: сравнительно-исторический анализ политики Российской империи. – Алматы, 2015. – С. 130–143.
13. Центральная Азия в составе Российской империи. – М., 2008.

УДК 930.2

## КЕҢЕС ТАРИХНАМАСЫНДА ҰЛЫС ЖОШЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ ДӘРЕЖЕСІ

**Сактаган А.С.**

(Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)

Алғашқы зерттеушілердің бірі, салыстырмалы түрде егжей-тегжейлі Жошы мемлекетінің түпнұсқалық атауы мәселесінде Г.С. Саблуков болды[1]. Акт материалдары негізінде мемлекеттік құрылымды қайта құрудың алғашқы әрекеті бейнелегн көрнекті орыс шығыстанушысы И.Н. Березиннің жұмысы ғылыми тұрғыдан құнды болды[2]. В.В. Бартольд [3] Шыңғыс хан мемлекеттерінің тарихын зерттеуге үлкен үлес қосып, нәтижесінде Б.Я.Владимирцовтың «моңғолдардың әлеуметтік жүйесі» атты классикалық жұмысын атап өтуге болмайды[4]. Сондай-ақ, В. Н. Татищев те, М.М. Щербатов та Ресейдің Ордаға тәуелділігін "иго" деген терминмен байланыстырмады. Сонымен бірге, Ресей тарихындағы дәуірді қарастыра отырып, В. Н.Татищев «История Российская» еңбегінде моңғолдардың Ресейге шабуылына жүйелі түрде баяндама жасайды. Кейінгі уақыт оның дайындық материалдарында Никон шежіресін қайталау түрінде көрініс тапты. М.М. Щербатов «История Российская» еңбегінде Ресей мен Орданың орыс-Орда қарым-қатынасының ірі оқиғаларын ғана қарастыра отырып, орыс князьдіктері мен Жошы ұлысының дамуы бір-бірімен тығыз байланысты екенін көрсетеді [5].

Ю.Якубовский мен Б.Д. Грековтың «Алтын Орда және оның құлауы» монографиясы тарихи жоспарлы кеңестік биліктің көрсеткіші болып табылады. Ол екі бөліктен тұрады: «Алтын Орда» және «Алтын Орда және Ресей». 1950 жылғы басылымның алғашқысы нұсқасы 1937 жылы жарық көрген «Алтын Орда» атты еңбегі танымал ғылыми кітабы болды. Екі шығарма да марксистік тарих ғылымы аясында орыс-Орда қатынастарын қалай қамтуы керек деген сұраққа жауап беру арқылы жазылды. Ең алдымен, авторлар К.Маркстің «XVIII ғасырдың Құпия дипломатиясында» иго деген сөзіне мәне бере негізделді. А.Ю. Якубовский мен Б.Д. Грековтың жұмысының тағы бір негізі Ресей тарихы туралы XIII-XV ғ. И.В. Сталин тапсырмасы аясында жазылды. Атап айтқанда, авторлар келесі сөздер арқылы келтіреді: «Австрия мен Венгрияның империалистері ескі татар тілінен гөрі жаңа «иго» сөзін қолданып жүрді» [6].

Осылайша, XX ғасырда ғалымдар Орданың дамуы мен оның орыс князьдіктерімен қарым-қатынасының жеке мәселелеріне көбірек көңіл бөле бастады. 1940 жылы А.Н.Насоновтың орыс тіліндегі татар саясатының тарихына арналған монографиясы жарық көрді. Автордың айтуынша, оның зерттеу тақырыбы орыс-орда қатынастарының тарихы емес, сонымен бірге татар билігінің орыс экономикасына, әлеуметтік жүйеге, мемлекеттілікке және мәдениетке әсері туралы жалпы мәселе негізге ала зерттеді. Монографияның соңғы бөлімі XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың бірінші жартысындағы бірқатар оқиғаларға арналған. Сонымен бірге, автор XV ғасырдың бірінші жартысында Орда саясаты бағыттаушы Күшін жоғалтқанын айтады[7].

Л.В. Черепниннің «Образование русского централизованного государства» монографиясында феодалдық Ресей тарихының маңызды мәселелерінің бірі болған феодалдық бытыраңқылықты жою және біртұтас орыс мемлекетінің қалыптасуы туралы зерттеу мәселесіне көңіл бөлді. Оның еңбегін жазу аясында қойылған негізгі міндет - Ресейдің мысалында орталықтандырылған мемлекеттердің қалыптасуының жалпы заңдылықтарын көрсету және Ресейдегі осы процестің нақты ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Жұмыстың алғашқы тарауларында егжей-тегжейлі тарихнамалық талдау жасай отырып, Ресейдің бірігуі мен орталықтандырылған мемлекет құруға дайындалған әлеуметтік-экономикалық құбылыстарға талдау жасалады. Мұнда ауыл шаруашылығындағы өндіргіш күштердің дамуы, феодалдық жер иеленудің өсуі, жерге феодалдық меншік нысандарының дамуы және феодалдық жалдау түрлері қарастырылады. Орталықтандырылған мемлекет құру процесінде орыс қалаларының рөлі және азаматтардың осы уақыттағы халықтық қозғалыстар мен саяси күрестерге қатысуы егжей-тегжейлі зерттелген. Сонымен қатар, Л.В. Черепнин еңбегінде көрсетілген орыс-Орда қатынастарының әртүрлі проблемаларына қатысты мысалдар топтамасы келтірілді [8].

Жалпы, кеңес тарихшылары К.Маркстің тұжырымдарымен белгіленген орыс-орда қатынастарын қарастыру тұжырымдамасын ұстанды, атап айтқанда: «орыс князьдерін бір-біріне қарсы қою, олардың арасындағы келіспеушілікті сақтау, күштерін теңдестіру және олардың ешқайсысын күшейтпеу – мұның бәрі татарлардың дәстүрлі саясаты болды деген көзқарасты ұстанды.

XIV-XV ғғ. соңындағы Ресей тарихы бойынша жалпылама еңбектер қатарында Я.С.Лурьенің «Две истории Руси XV века» монографиясы маңызды тарихи басылым болды. Алдыңғы жазбаларда орыс тарихындағы оқиғаларды сипаттау шежіре мәліметтерін толық талдаумен қатар жүрмегенін атап өтіп, Я.С. Лурье саяси тарихты арнайы талдаумен қайта құру қажеттігін айтты. Кітаптың құрылысы Я.С.Лурье еңбегінің негізгі бөлігінде деректанулық зерттеулер, шежірелік мәтіндердің ең алғашқы басылымдарын және олардың кейінгі өзгерістерін анықтау, шежіре авторларының саяси бағыты мен қоғамдық ұстанымын түсіндіруге тырысты [9].

М.Ф. Сафарғалиевтің «Распад Золотой Орды» еңбегінде тәуелсіз хандықтар мен Орданың пайда болуынан бастап ыдырауына дейінгі дала мемлекетінің саяси дамуына арналған. Осыған байланысты автор негізгі мәселені шешу үшін қажет болған жағдайда Жошы ұлысына қатысты мәліметті пайдаланды [10].

Кеңестік тарихнамаға талдау жасау барысында орыс, батыс Еуропа, американдық, моңғол зерттеушілері мен қазақстандық тарихшыларының еңбектерінде Солтүстік Орда қатынастары, Ресей мен Алтын Орда арасындағы қатынастардың қазіргі тарихнамасында ғылыми-зерттеу мәселелерінің қалыптасуы мен дамуының жалпы заңдылықтары, сондай-ақ әртүрлі елдердің тарихнамаларының зерттелу деңгейлерінің ерекшеліктері анықталды. Қазіргі шетелдік зерттеушілердің еңбектеріндегі көзқарас орыс тарихнамасында аз қарастырылған. Соңғы екі онжылдықта орыс-орда қатынастарына арналған зерттеулер саны бірнеше есе өсті. Қазіргі зерттеушілер орыс-орда қатынастарының проблемасы айқын зерттеумен қатар, одан әрі зерттеу үшін үлкен тарихнамалық базасының жоғарлығын анықтайды. Осы кеңестік ғылыми саладағы зерттеулердің негізгі идеялық ұраны П.Н. Савицкийдің еңбегінде тұжырымдалған тезис болды: «без татарщины не было бы Руси». Еуразиялық тұжырымдама Н.С. Трубецкийдің, П.Н. Савицкийдің, Э.Хара-Даванның, Г.В. Вернадскийдің еңбектерінде әзірленіп, одан әрі Л. Н. Гумилевтің еңбектерінде жалғасын тапты. Еуразиялық тарихи мектеп өкілдері негізін қалаған идеялар көптеген

заманауи еңбектерде белсенді дамып келеді.

Сондай-ақ, кеңестік зерттеушілер Жошы Ұлысы тарихының әртүрлі аспектілерін зерттеуге үлес қосты, мәселен Б.Д. Греков және А.Ю. Якубовский, М. Сафарғалиев үлкен маңызға ие. Сонымен қатар моңғолдық этникалық процестерді зерттеу үшін оның әлеуметтік жүйесі және мемлекеттік дамуы барысында Г. А. Федоров-Давыдов және В. Л. Егоровтың еңбектерін қарастырылды. Шығыс актілік және нарративтік дереккөздерді пайдалана отырып, Жошы ұлысы атауларының проблемасына М.А. Усмановтың еңбектерінде үлкен көңіл бөлінген. Моңғол дипломатиясының тарихына арналған еңбектерінде Жошы ұлысының ресми атауының тақырыбы А.П. Григорьевтың ғылыми еңбегінде қарастырылады. Тарихқа қатысты бірқатар қызықты ережелер Жошы ұлысы мен оның атауын ғалым Т.И. Сұлтановтың жұмысын атауға болады [11].

Орыс-Орда қатынастарын зерттеу барысында мазмұнды тарихнамалық шолу жасаған ғалым Ю.В. Кривошеевтің «Ресей және моңғолдар» атты жұмысында XII-XIV ғасырлардағы Солтүстік — Шығыс Ресей тарихы туралы зерттеулер монографиясында тың мағлұматтар келтірілген. XX ғасырдың тарихи зерттелу деңгейіне еуразиялық тұжырымдамасына сәйкес Алтын Орданы орыс княздігінің құрамына кірді деген пікір білдірді.

Орыс-Орда әскери қақтығысының тарихнамасы жайлы Ю.В. Селезнев, А.О. Амелкин, Е.И. Сусенков, Д. Г. Хрусталеv, А. Б. Широкова сынды ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген. Ресей мен Алтын Орда арасындағы қатынастардың құқықтық аспектілерін зерттеудің тарихнамасы Р.Ю. Почекаевтың еңбектерінде көрсетілген. Ю. В.Селезнев, В.Н. Рудаков, И. Назипов және басқа ғалымдардың еңбектері қазіргі ресей тарихнамадағы татар-моңғол қамытының тұжырымдамасын жеңу тенденцияларын көрсетеді. Жошы ұлысы жайлы деректанулық талдауы А.А. Арсаланова, Р.Ю. Почекаев, Н. Данилевский В.Н. еңбектерінде келтірілген. Рудакова, В.Ю. Кривошеева, А. А. Горский, А.П. Григорьев, Ш.Б. Чимитдоржиев және т. б. Орыс және Алтын Орда қатынастарының қазіргі тарихнамасына арналған американдық ғалымдардың еңбектерінің ішінде Ч. Халперин мен Р. Пайпстың зерттеулерін атап өткен жөн. Руссконың тарихнамалық және деректанулық зерттеулері негізінде, соның ішінде Алтын Орданың қарым-қатынасын жайлы қозғалған мәселелерін Беларусь ғалымдары жүргізеді.

П.П. Ивановтың «Орта Азия тарихы бойынша очерктер (XVI – XIX ғ. ортасы)» атты еңбегінде кітапта сипатталынатын тарахи мәселе, "XIII-XIV ғғ. Ақ Орда деп аталатын елді мекен Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болған әскери-саяси оқиғаларға қысқаша шолу берілген. Алтын Орда хандарымен туыстас әр түрлі жартылай тәуелсіз әулеттердің қол астында болған" [13, 16 б.]. Зерттеуші «Ақ Орданың пайда болу уақыты да, оның саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінің ерекшеліктері де әлі арнайы зерттеуге ұшырамағанына назар аударды, сондықтан оларды жеткілікті түрде қастерлеуге болады ..." [13, 17 б.].

1950 жылы КСРО ҒА баспасынан ірі кеңес тарихшылары славист Б. Д. Греков пен шығыстанушы А.Ю. Якубовскийдің «Алтын Орда және оның құлауы» көлемді зерттеуі шықты. Жошы Ұлысының тарихы жөніндегі алғашқы кеңестік монографияда Ақ Орда тарихы жайлы деректер көрсеткен. А.Ю. Якубовскийдің пікірінше, «XIV ғасырдың басына дейін Алтын Орданың аумағы мұсылман дереккөздерінде Жошы Ұлысы терминімен түсінетін жерлермен сәйкес келді. Алайда, – деп жалғастырды тарихшы, - XIV ғасырдың басынан бастап Жошы Ұлысы екі мемлекетке – Көк Орда мен Ақ Ордаға бөлінді, олардың соңғысы біріншісіне вассалды



түрде тәуелді болды... Ақ Орда бөлінгеннен кейін Алтын Орда термині негізінен Көк Орда жерлеріне қолданылды...». [14, 261 б.].

Дахшлейгер Г.Ф. 1969 жылы «Ақ Орда өз құрамы бойынша қазақ этностық бірлестік басым болды, бірақ халықтың өз атауы кейінгі ғасырларда анықталып, кейіннен дереккөздерде кең ауқымда қолдана бастады» деп жазды [15, 99]. Кейін Ақ Орда туралы пікір 1970-ші жылдардың соңы мен 1980-ші жылдардың басында басылып шыққан «Қазақстан тарихы» атты 5 томдық басылымда жарыққа шықты, «XIII ғасырдың ортасынан бастап Орда - эджен ұлысы шығыс деректерінде Ақорда атауын алған дербес мемлекет болды» [15, 129]. 1990-шы жылдары басылып шыққан Қазақстанның жаңа бес томдық тарихында: «Алтын Ордада негізінен Бату ханның ұрпақтары, Ақорда — Орда-эдженнің ұрпақтары билеген» деп жазылған болатын [16, 104]. Қ.З. Өскенбай өзінің 2013 жылғы жаңа монографиясында «Ақорда — бұл Орда-эджен мен оның ұрпақтарының ұлысы. Көкорда-Шибан мен оның ұрпақтарының ұлысы» [17, 113] деген пікірді еңбектерінде ұстанды. Сонымен қатар, В.В. Трепавлов: «қазіргі қазақстандық тарихшылар Жошы Ұлыстың сол қанатын Ақ Орда деп атағанды жөн көреді, Алтын Орданың атауын Яиктен батысқа қарай қалдыру ғылыми ортада өте өзекті болып келеді. Ресей тарихнамасында «Алтын Орда» және «Жошы ұлысы» ұғымдарын толық синоним ретінде қолдану сақталған [18, 7]. Мұндай қарама-қайшылық қазақстандық тарихнамалықта орын алып келеді.

В.Л. Егоровтың зерттеуі XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орданың тарихи географиясына арналған. Тарихи-географиялық және этникалық аспектілер қалыптасуына Е.И. Нарожной, В.П. Костюков, И.В. Антоновтың шығармаларына әсер етті. И.О. Князьдің «Ресей мен дала» монографиясы VI-XV ғасырлардағы орыс князьдіктерінің дала халықтарымен қарым- қатынасын көрсетеді.

Орыс тарихнамасының дамуының жаңа замандық тенденцияларынан бірнеше бөлек татар тарихи ойы пайда болды, ол өзінің тарихи дәстүріне сүйене отырып, Ш. Марзданидің еңбектерінен бастау алды, Алтын Орданың исламдық сипатын атап қана қоймай, Еділ бойындағы мұсылман өркениетінің үздіксіз өмір сүруін атап өтті. Татар тарихшыларының (Р. Фахретдин, Х. Атласи, Г. Ахмаров, Г. Баттал, Г. Исхаки) пікірінше, оның тарихында Жошы Ұлысы кезеңі исламды мемлекеттік дін және ортағасырлық татарлар мәдениетінің негізі ретінде айқындай отырып, негізгі рөл атқарды. Бір мезгілде барлық олар айтып өткендей діни төзімділік және сыйластық түрлі бағыттары Алтын Ордаға тән қалыпта сипатталды. Мысалы, Г. Исхаки: «Алтын Орда хандарының алғашқысы 1261 жылы Берке хан исламын қабылдады, бірақ исламның халық арасында кең таралуы XIV ғасырдың бірінші жартысында ғана болды. Айта кету керек, барлық дін орданың пайда болуының еркіндік тәртібі байқалды».

#### Әдебиет:

1. Саблуков Г.С. Очерк истории внутреннего состояния Кипчакского царства. - Казань, 1895.
2. Березин Н.Н. Устройство улуса Джучиева по ханским ярлыкам. - Казань, 1851.
3. Бартольд В.В. Сочинения. - Т. I: Туркестан в эпоху монгольского нашествия. - М.: Изд-во вост. лит-ры, 1963.
4. Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. - Л.: Изд-во АН СССР, 1934.
5. Татищев В.Н. История Российская. Т. 5. М.; Л., 1965. Источник: <http://www.a-nevsky.ru/library/russkie-knyazyu-v-politicheskoy-sisteme-dzhuchieva-ulusa-ordi2.html>
6. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. М.; Л., 1950. Источник: <http://www.a-nevsky.ru/library/russkie-knyazyu-v-politicheskoy-sisteme-dzhuchieva-ulusa-ordi2.html>
7. Насонов А.Н. Монголы и Русь. М.; Л., 1940. Источник: <http://www.a-nevsky.ru/library/russkie-knyazyu-v-politicheskoy-sisteme-dzhuchieva-ulusa-ordi2.html>

8. Черепнин Л.В. Образование русского централизованного государства. М., 1960. Источник: <http://www.a-nevsky.ru/library/russkie-knyazu-v-politicheskoy-sisteme-dzhuchieva-ulusa-ordi2.html>
9. Лурье Я.С. Две истории Руси XV века. СПб., 1994. 240 с. Источник: <http://www.a-nevsky.ru/library/russkie-knyazu-v-politicheskoy-sisteme-dzhuchieva-ulusa-ordi2.html>
10. Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. Саранск, 1960. Источник: <http://www.a-nevsky.ru/library/russkie-knyazu-v-politicheskoy-sisteme-dzhuchieva-ulusa-ordi2.html>
11. Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. - М.: Изд-во Московского ун-та, 1966; Усманов М.А. Жалованные акты Джучиева улуса XIV-XVI вв. - Казань: Изд-во Казан, ун-та, 1979; Григорьев А.п. Время написания «ярлыка» Ахмата // Историография и источниковедение истории стран Азии и Африки. - Л.: Изд-во Ленинград. ун-та, 1987. - Вып. X. - С. 40-47; Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и Средневековье. - СПб., 2000. - С.193-195;
12. Иванов П.П. Очерки по истории Средней Азии (XVI – середина XIX вв.). – М.: ИВЛ, 1958. – 248 с.
13. Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака // Сообщ. Гос. акад. истории материальной культуры. – Л., 1929. Т. II. – С. 123–159
14. Дахшлейгер Г.Ф. Историография советского Казахстана. Алма-Ата, 1969. -192 с.
15. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней в пяти томах (главный редактор — А.Н. Нусупбеков). Том II. Алма-Ата, 1979. 424 с.
16. История Казахстана с древнейших времен до наших дней в пяти томах. Т. 2. Алматы, 2010. 624 с.
17. Ускенбай К.З. «Восточный Дашт-и Кыпчак в XIII — начале XV века. Проблемы этнополитической истории улуса Джучи». Казань: Фэн. АН РТ. 2013. – 288 с.
18. Трепавлов, В.В. Тюркские народы средневековой Евразии. Избранные труды. Казань, Фолиант, 2011. – 252 с.

УДК 7.072.3

## ТУҒЫРЫЛ ХАННЫҢ ТАРИХТАҒЫ ОРНЫ

Жұматайұлы С.

(Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан)

